

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысанын және оны шығару мерзімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 411 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 мамырда № 18633 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 96-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.03.2023 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 01.03.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімді Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген әрекеттерді жасаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органдары шығарады деп белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 01.03.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің

эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары-
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 30 сәуірдегі
№ 411 бұйрығымен
бекітілген
нысан

**Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы 20 ____ жылғы " ____ " _____
№ __ шешім**

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 01.03.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 96-бабының
4-тармағына сәйкес _____

_____ (мемлекеттік кірістер органның атауы)

Әрекетті қарау нәтижелері бойынша (тиісті ұяшықтың бірін Х белгісімен белгілейді

)

Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес

Сізге _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе салық төлеушінің

(салық агентінің) толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру

нөмірі (ЖСН/БСН)) 20__ жылғы "____" _____ №_____ камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығарылғаны туралы хабарлайды: _____

(камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім қабылдауға негіз болған себептер мен негіздемелер егжей-тегжейлі көрсетіледі)

Салық кодексінің 96-бабының 4-1-тармағына сәйкес осы шешіммен келіспеген жағдайда, салық төлеуші (салық агенті) Салық кодексінің 96-бабында белгіленген мерзімде, жоғары тұрған органға және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл ретте шағымның көшірмесін салық төлеуші (салық агенті), шешім қабылданған салық органына жіберілуге тиіс.

Салық кодексінің 96-бабында айқындалған тәртіппен камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы салық органдарының хабарламасы орындалмаған кезде Салық кодексінің 145-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тақырыптық салықтық тексеру жүргізу көзделгені туралы қосымша хабардар етеміз. ("Тақырыптық және қарсы тексерулер тағайындау мен хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу туралы шешім шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 16479 болып тіркелген.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе басшы уәкілеттік берген адам

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)) (қолы) (мөр орны)

Шешімді алдым _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе салық төлеушінің (салық агентінің) атауы, қолы, күні)

Шешім салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді	
_____ (мемлекеттік кірістер органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы, күні)	Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы:
Шешім салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілді	Мекенжайы:
_____ (жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)	_____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК